

КОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК -ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

«25» 10.2023ж.

Қатысқандар: АК төрағасы: п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова, АК мүшесі, академиялық персонал С. Алимбекова, АК мүшесі, академиялық персонал П.Қ.Исқақова, АК мүшесі, академиялық персонал п.ғ.к., доцент Ж.Н.Садуова, АК мүшесі, академиялық персонал PhD аға оқытушы Ж.Бураева, АК мүшесі, академиялық персонал аға оқытушы С.У.Паштанов, АК мүшесі, академиялық персонал магистр оқытушы Д.С.Жарқынбекова.

Қатыспағандар: - жоқ

Күн тәртібі:

1. ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын жаңарту.
2. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
3. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы А.Рысбекова: Саламатсыздарма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібіндегі бірінші мәселе ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын жаңарту. ҚРҒЖЖБМ 2023 жылғы №125 бұйрығына қосымша «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілген. Осы ұсынымда практиканы өткізу туралы барлық нұсқау берілген және әр практиканың өзіндік ерекшеліктері көрсетіліп мәні мен мазмұны қамтылған.

Педагогика және психология ББ-да 1 курста «Оқу тәжірибесі», 2 курста Психологиялық-педагогикалық практика», 3 курста Педагогикалық «практика», 4 курста «Өндірістік-педагогикалық практика» және «Диплом алды практикасы» өтіледі.

АК мүшесі, магистр оқытушы Д.Жарқынбаева: Практика бағдарламасына аудит ұйымдастыру, нұсқаулыққа сай мазмұнын жаңарту өте маңызды. Осы жұмыстар жүйелі түрде орындалса, білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік беретін маңызды сала.

АК мүшесі, п.ғ.к., доцент Ж.Садуова: ҚРҒЖЖБМ 2023 жылғы №125 бұйрығына қосымша «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім

алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен практика жетекшілері таныстырылды. Әр практиканың мазмұны анықталды, практиканы ұйымдастыру мен өткізу тәртібі, практика мазмұнын анықтайтын жалпы принциптері, практиканттың өткізетін құжаттамасы талданып практика бағдарламасы қайта жаңартылды.

АК төрағасы, А.Рысбекова: Ұсыныс пікірлер жоқ болса екінші мәселеге көшейік.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе: ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру.

АК мүшесі, магистр оқытушы Д.Жарқынбаева: С.Алимбекованың «ББ әзірлеу» тақырыбында өткен семинарды ұйымдастырудың мақсаты – «Педагогика және психология» ББ жобасын жасауға бағытталған тәжірибемізді жетілдіру. Семинарда жасалған баяндама барысында АК мүшелері білім беру бағдарламасының мазмұнын жобалау технологиясымен танысып, ББ-н жасаудың тиімді жолдарымен танысты. С.Алимбекова семинар барысында жалпы ББ мазмұнын жобалау мәселелеріне шолу жасап, АК мүшелерімен талдау жасалды. С.Алимбекова «ББ әзірлеу» тақырыптарында семинарда АК мүшелерімен тренинг өткізіп, зор әсер қалдырды. Семинар соңында қатысушы ұстаздар пікір алмасты. Баяндамашы п.ғ.к., аға оқытушы С.Алимбековаға сұрақтар беріліп, ББ бағдарламасының жобасы туралы ұсыныстар қарастырылды. 2023-2024 оқу жылына «Педагогика және психология» ББ бағдарламасының жобасына ОПК ұсыныстарын тыңдадық. Семинардың тиімділігі осында болады.

АК төрағасы А.Рысбекова: Құрметті АК мүшелері ББ даярлау бағыты бойынша шешімін табатын көптеген мәселелер кездесуі мүмкін. АК мүшелері жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп ойлаймын. Жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламасын жаңарту, ББ сараптамасын жүргізу өз нәтижесін береді.

Шешім: 1. ББ бойынша практика бағдарламаларының мазмұнын жаңартылсын. Жауапты Ак мүшелері және практика жетекшілері.
2. ББ әзірлеу тақырыбына ұйымдастырылған семинар, тренинг қанағаттанарлық деп табылсын.

АК төрайымы:

Хатшысы:



А.Рысбекова

С.Паштанов